



БҰЙРЫҚ

№ 11 2023 ж.г.
Қонаев қаласы

ПРИКАЗ

№ 143
город Конаев

«Банкроттық басқарушыға жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттету туралы»

Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы 176-V Заңының 12 бабының 7 тармағының 2) тармақшасына, 15 бабының 3) тармақшасына, 89 бабының 2 тармағының 21) тармақшасына сәйкес және «Тургень-продукт» ЖШС (БСН 050340005991) 2023 жылғы 24 қарашадағы кредиторлар жиналысы отырысының хаттамасының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Айнур Касымбековна Омашева «Тургень-продукт» ЖШС банкроттық басқарушыға жүктелген өкілеттіктерді орындаудан шеттетілсін.

2. Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Банкроттық басқарушыны тағайындау туралы» 2023 жылғы 10 қаңтардағы № П-2 бұйрығының күші жойылсын.

3. Айнур Касымбековна Омашева жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға ол тағайындалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құрылтай құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, мөрлерді (олар болған кезде), мөртабандарды, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды, сондай-ақ банкроттың банктік шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы және қозғалысы туралы қолда бар ақпаратты берсін.

4. Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс басқармасы (Б.М.Нұрғыдыр) осы бұйрықты банкроттық басқарушы А.К.Омашеваның назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары У.Е.Умирзаковқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы

К.Исаков

001755